

УДК 250

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ШЕШУ  
ЖОЛДАРЫ**

**Сайлау Нұрай Жарасқызы**  
[nuraizharaskyzy99@mail.ru](mailto:nuraizharaskyzy99@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Теоретикалық математика және ғылыми есептеу институтының ғылыми қызметкері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.Учкампирова

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі-дүниежүзілік дағдарыстың әсерінен елімізде жұмыссыздық деңгейінің өсуі болып отыр.

Жаһандық қаржы дағдарысы көптеген тұрғындарымыздың арасында жұмыссыздық санының артуына, нәтижесінде халықтың материалдық жағдайының біршама төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

Бұл мәселені шешуде ҚР президенті Н.Назарбаевтың «Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде бюджеттен қыруар қаржы бөлініп, еңбек рыногын тұрақтандыруда жаңа жұмыс орындарын ашып, жаңа кәсіби мамандықтар бойынша мамандар дайындап, басқа да қоғамдық жұмыстарға тартуды дұрыс ұйымдастыруды ұсынып отыр.

Жұмыссыздық дегеніміз – әлеуметтік–экономикалық құбылыс, осы құбылыс кезінде елдің экономикалық белсенді халқының бір бөлігі біршама уақыт не тұрақты жұмыссыз немесе жалақысыз болады. Жұмыссыздықтың түрлері олардың пайда болу себептеріне қарай өзгешеленеді: Уақытша жұмыссыздық жұмыспен қамтылғандардың өз ынталары

бойынша жұмысты ауыстырумен байланысты, осындай жұмыстағылар өздеріне ыңғайлырақ жұмысты өз еріктерімен іздейді. Мұндай жұмыссыздық әрқашан және барлық жерде болады. Құрылымдық жұмыссыздық ғылыми – техникалық прогрестің, өнеркәсіптің жаңа салаларының ашылуларының ықпалымен өндіріс құрылымының өзгеруінен туындайды. Осындай жағдайға байланысты жұмыс күшіне ұсыныс пен сұраныс арасындағы сәйкессіздік пайда болады.

Кезеңдік жұмыссыздық өндірістің құлдырауы, экономикалық дағдарыстар кезінде, кәсіпорындар жаппай күйзеліске ұшырайтын, жұмыспен қамтылғандар саны көптеп қысқаратын жағдайларда пайда болады. Соңғы жылдары жұмыссыздық халықтың қалың топтарын қамтуда және барған сайын ұлғайып келеді. Оның деңгейі экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ –ОЭСР) кіретін елдердің барлығында дерлік өсу үстінде. Тіпті экономикалық өсудің жоғары қарқындары белгіленген дамушы елдердің көпшілігі халық санының өсуінен қалып қоймаулары үшін біршама жылдам қарқындармен жұмыспен қамтуды ұлғайту мәселесін әрең игеріп отыр.

Шығыс Еуропа және ТМД елдерінде кепілденген және толық жұмыспен қамтылуға ұзақ жылдар бойы дағдыланып қалған адамдар, кенеттен мемлекеттік секторды қайта құру мен жеке секторда жұмыс орындарын ашудың баяу қарқындары себебінен жұмыспен қамтылу кепілдігінен айырылып, жұмыссыздықтың өсу проблемасын бастан кешірді. Тіпті экономикасы өрлеу үстіндегі елдерде де жалақы деңгейінің төмендеуі байқалады. Жұмыссыздық – экономикалық өсу жетістіктерінің адам дамуына ықпалын азайтатын құбылыс. Біріншіден, ол адамдар мен үй шаруашылықтарының белгілі бір бөлігін (кейде едәуір көлемін) экономикалық әрекет жағдай жасайтын мүмкіндіктерге қол жеткізуден айырады. Олар үшін адам даму жағдайлары едәуір нашарлайды. Екіншіден, жұмыссыздық (әсіресе, ұзақ мерзімді, тоқыраулы) еңбек дағдыларын жоғалтуға, яғни жинақталған адам капиталынан айырылуға ұшыратады және осылайша ол адам дамуына теріс ықпалын тигізеді. Үшіншіден, жұмыссыздық тек жеке адамдардың ғана емес, сонымен бірге жұмыссыздардың әл-ауқатының деңгейін қолдауға, мемлекеттердің жұмыспен қамту жөніндегі түрлі бағдарламаларын іске асыруға байланысты елеулі әлеуметтік шығындарға ұшыратады, ал мұндай жағдай адам дамуына анағұрлым тиімді бағытталуы мүмкін ресурстарды қоғамнан оқшауландырады. Жұмыс іздеушілер санының жұмысқа қабілеттілердің жалпы санына қатынасын жұмыссыздық деңгейі деп атайды. Оны процентпен өлшейді. Елдегі жұмыссыздық деңгейі неғұрлым жоғары болса, халықтың өмір сүру деңгейі соғұрлым төмен түскен.

Әлемдегі жұмыссыздықтың өсуі мемлекеттердің оның өмір сүруіне көнуіне алып келді, оны еңбек рыногындағы қалыпты құбылыс ретінде қарастыра бастады. Бірде – бір мемлекет жұмыс орны саны мен еңбекке қабілетті халық санының толық тепе-теңдігіне қол жеткізе алмады. Экономистер жұмыссыздық деңгейінің 5-6% мөлшерін табиғи санайды.

Жұмыссыздарды тіркеумен және олар үшін жұмыс орындарын таңдаумен арнайы мекеме еңбек биржасы айналысады.

Мемлекет ресми тіркелген жұмыссыздарға жәрдемақы төлейді. Еңбек биржасына баруды және жұмыс іздеумен айналысуды жалпы доғарған адамдар бар, себебі олар көмек алудан көмек үзген, еңбекке орналасу үмітінен айырылған, әлеуметтік құрдымға түскен. Олар жұмыссыздардан да гөрі нашар күйде, өйткені экономикалық тұрғыдан белсенді халық тізімінен шығып қалған. Ресми түрде жұмыссыздарға жұмыс жоқ болса да оны белсенді іздеп жүрген және жұмысқа дереу кірісуге дайын адамдарды жатқызады. Егер адам аптасына бірнеше сағат жұмыс істесе де, оны жұмыссыздарға қоспайды, әрине ол үшін толық апта жұмыс істеген бір ғанибет болар еді. Қазақстанның өтпелі экономикасында бұндай адамдар саны өте көп, себебі көптеген кәсіпорындар толық емес жұмыс аптасы немесе толық емес жыл жұмыс істеуге көшкен, ақы тқленбейтін шарасыз демалыстар айлар бойы созылады. Жұмыссыздардың нақты санын есептеу өте күрделі, өйткені жұмыс істегісі келетіндердің барлығы бірдей еңбек биржасына тіркелгендер, шын мәнінде бір жерде

қосымша табыс табады, бірақ олар бұны жасырады және өзіне сәйкес келетін жұмыс табуға үміттенеді.

Мемлекет еңбек рыногындағы жағдайды экономикалық, заң шығарушылық және ұйымдастырушылық әдістермен реттеп отырады. Экономикалық әдістерге инвестициялық, несие – қаржылық және салық шараларымен жұмыс орындарын сақтау, құру және дамытуды жатқызады. Заң шығарушылық әдістер еңбекке қатысты заңдарда, еңбек пен жұмыс пен қамту туралы заңдарда, еңбек пен жұмыспен қамту заңдарыда көрніс тапқан. Ұйымдастырушылық әдістер мемлекеттік қызмет пен халықты жұмыспен қамту туралы заңдарда көрніс тапқан.

Ұйымдастырушылық әдістер мемлекеттік қызметпен халықты жұмыспен қамту қорын құруда көрінеді.

Жұмыссыздық мәселесін бәсеңдету жолдары келесідей:

-Қазақстан Республикасындағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы аясында нақты шаралар мен міндеттер орындалуы керек. Жастардың құқығы қорғалуы керек.

-Жекеменшік секторын қаржыландыру қажет.

-Жастар кәсіпкерлігін қолдау тиіс.

-Жалпы кәсіпкерлік секторды инвестициялау қажет.

-2020 жылға дейінгі жастар саясатының тұжырымдамасы, келешек ұрпақтың белсенді өмір сүріп, ел ішіндегі әрбір істен тыс қалмауына жағдай жасайды. Ал, 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатын дамыту тұжырымдамасы жұмыссыздықты азайтуға бағытталады.

-Қазіргі жастарды қолдауға арналған бағдарламалардың барлығы жастардың тұрмысын түзеу үшін қолға алынып отырғаны шындық. Бүгінде жастар саясаты саласында әлеуметтік маңызы бар 76 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде «Ауыл жастары», «Дипломмен — ауылға!», «Жастар – кадрлық резерві», «Жастар — Отанға» және «Жастар тәжірибесі», «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы сияқты жақсы-жақсы жобалар бар.

-Жастарды еңбекпен қамтуға «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасында ерекше көңіл бөлінеді. Бағдарламаның шамамен 60 %-на қатысушылары — бұл жастар. Жастар саясатын дамытудың жаңа тұжырымдамасы алдымызға белгілі тапсырмалар қояды, олар келешекте орындалатын болады», — деп атап көрсетті Еңбек министрлігінің басшысы.

-Жастардың еңбек етуге құлшынысын жоғалтпау керек, ол жұмыс істеуге белсенді кірісіп, өзіне-өзі жұмыс іздеп, белсенділік таныту керек, жалқаулыққа бой алдырмау керек.

Жұмыссыздық, соның ішінде жастар жұмыссыздығы шешімін табуды қажет ететін өзекті мәселелердің біріне айналды. Осы орайда айта кеткеніміз жөн, Қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздық елдегі жалпы жұмыссыздық деңгейі бойынша жоғары көрсеткішке ие болып отыр. Экономикалық дағдарыс кезеңінде жастар, көбінесе, халықтың осал тобына қосылады. Расында, экономикалық өсім құлдыраған кезде жастар дағдарыстың әсерін алғашқылардың бірі болып сезеді.

Сонымен бірге, экономикалық қиын кезеңдерде жалпы жұртшылыққа қарағанда, әсіресе жастардың жұмысқа орналасуы оңайға соқпайды. Тағы бір айта кетер жайт, жоғары оқу орнын бітірген жастардың бірден жұмысқа орналасып кетуі де қиын болып тұр. Қолында дипломы болғанымен, тәжірибенің жоқтығы оларға үлкен кедергі келтіруде. Сонымен қатар еліміздегі түрлі компаниялардағы жұмыс орнының қысқаруына байланысты да жұмыссыз жастар санының көбеюі де белең алуда. Articlekz.com сайтының мәліметіне сүйенер болсақ, бұдан 5 жыл бұрын яғни, 2013 жылы жұмыссыздар саны, бағалау бойынша, 488,1 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі 5,4 %-ды құраған екен.

Яғни, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту органдарында 2013 жылғы қаңтар айының соңына 47,9 мың адам («Жұмыспен қамту бағдарламасы – 2020» қатысатындар құрамына енгізілген тұлғалардың есебінсіз) ресми тіркелген. Тіркелген жұмыссыздар үлесі экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 0,5 пайызын құраған. Ал 2016 жылдың үшінші тоқсанында

жастар арасындағы жұмыссыздықтың деңгейі 4,6%-ға азайса, 2017 жылдың төртінші тоқсанында жұмыссыздық деңгейі Қазақстанның 16 өңірінің жетеуінде біршама төмендеген. 2018 жылғы статистикаға бойынша, Қазақстанда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,9 пайызға қысқарған. Бұл әлі де болса, елімізде 82 мың жас жұмыссыз жүр дегенді білдіреді. Жастар арасындағы жұмыссыздықтың қысқаруын жалдамалы жұмысшылар санының 3,1 пайызға өсіп, 1,5-тен 1 млн 600 адамға артуымен байланыстыруға болады. Бүгінде жұмыспен қамтылған халық саны 0,4 пайызға немесе 8600 адамға артқан. Сондай-ақ жұмысшы күші құрамына кірмейтін тұлғалар саны 3,5 пайызға, 1,36 млн адамға қысқарған. 2012-2017 жылдары кезеңінде 15-28 жас аралығындағы жұмыссыз халық саны 5,4-тен 3,9 пайызға дейін азайғаны әзірге көңілге медеу болып тұр. 2018 жылдың екі тоқсанының қорытындысы бойынша еліміздегі жастар бойынша 82 мың адам жұмыссыз жүр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 4,8 пайызға аз.

Өткен жылдың екі тоқсанында елімізде 86 мың жас жұмыссыз жүрген еді. Айта кетейік, жұмыссыз жастардың басым бөлігі – Алматы қаласында. Нақты саны – 15 500 адам. Бұл 15-28 жас аралығында жұмыссыз халықтың 18,8 пайызын құрайды. Одан кейінгі орында Түркістан облысы тұр. Бұл өңірде жұмыссыз ретінде 8 700 адам тіркелген. 7200 жұмыссыз жасы бар Қарағанды облысы үшінші орынға жайғасқан. Жұмыссыз жастары аз өңір Солтүстік Қазақстан облысы саналады. Бұл өңірде тұрақты жұмысқа орналаспаған 1500 адам бар. Жалпы, еліміздің жастарының көтерме және бөлшек сауда, автомобиль мен мотоцикл жөндеу салаларына қызығушылығы басым. Аталған салаларда елімізде жұмыс істейтін жастар 16,5% құрайды. Жастар арасында танымалдыққа ауыл, орман және балық шаруашылығы ие. Бұл салаларда 276 мың жас жұмыс істейді. Білім саласында еңбек етіп жүрген жастардың саны 229 мың адамды құраса, өнеркәсіпте 221 жас тер төгуде. Сонымен қатар құрылыс саласында да жұмыс істейтін жастардың қарасы қалың. Бұл салада 149 мың жас еңбек етіп жүр. Иә, жұмыссыздық – қоғам өміріне тән құбылыс. Әлем елдерінің қайсысын алып қарасаңыз да, тіпті өркениетті елдердің өзінде жұмыс таппай, сенделіп жүрген жастар саны аз емес. Бұл бүкілғаламдық тенденция десек те болады. Өйткені жұмыссыздық – нарықтық экономиканың бірден бір көрінісі. Бастысы, жастардың еңбек етуге құлшынысын жоғалтпасақ болғаны.

Қорытындылай келе, біздің елде ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттердегі ең негізгі мәселердің бірі ретінде осы жұмыссыздықты қарастыруда, алайда біздің мемлекетіміз жұмыссыздықпен күресу үшін көптеген бағдарламалар әзірлеуде. Сонымен қатар, жас бітіруші мамандарды жұмыспен қамту үшін жұмыс берушілер, білім беру мекемелерінің және басқа да тараптарменен байланыс болуы қажет. Бұл тараптардың әрқайсысы жас мамандарға жәрдем көрсетуі қажет. Жастар арасындағы жұмыссыздықтың негізгі себептері анықталды: жұмыс жасау тәжірибенің аздығы, жалақының төмен болуы, тұрғылықты орналасатын жерлері болмауы мен қатар бәсекелестіктің төмен болуынан зардап шегуде. Жұмыспен қамту мәселелерін тиімді шешу үшін бірқатар шаралар қабылдау, соның ішінде заңнамалық тұрғыда қабылдану керек. Атап айтқанда жұмыс берушілер, жұмыспен қамту органдары мен оқу орындары арасындағы өзара қарым-қатынастардың бірыңғай жүйесін жасақтау қажет деп ойлаймын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. — 2012. — № 828–831. — 15 желт. — 1–8-б.
2. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наур. № 958 Жарлығы.
1. Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы. — 2011. — 31 наур.
2. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: stat.gov.kz

3. «Экономикалық білім беруді дамыту» Экономика негіздері журналы №2, 2005 ( 36-37 бет).
4. Ильичева Т. « Қазіргі әлемдегі Қазақстан» 10-11 сыныпқа арналған оқулық, Алматы, 2005( 139 бет).
5. Журнал «Экономика негіздері мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту»№2,2007ж Мұғалім тәжірибесінен Г. Есмұханбетова «Жұмыссыздық экономикалық пролема»
6. Абчук В. « Знимательная экономика и бизнес», Санкт-Петербург, 2001
7. [www.akimvko.gov.kz](http://www.akimvko.gov.kz) «Қазақстан республикасындағы еңбек нарығының даму тенденциясы»
8. [www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz) «Жұмыссыздық және жұмыспен қамту»
9. [www.elmedia.kz](http://www.elmedia.kz) « Жұмыссыздарға көмек»